ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылғы 7 ақпан № 1112-25-00-2/38 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья К.Е. Исенова қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Ақмола облысы әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Зарина» - Кургунбаева Зарина Амангельдыевна жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 147 бабын басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Ақмола облысы әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Зарина» - Кургунбаева Зарина Амангельдыевна жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

«Зарина» - Кургунбаева Зарина Амангельдыевна жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Зарина» - Кургунбаева Зарина Амангельдыевна жеке кәсіпкеріненен мемлекеттік пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемелекет баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Қ. Исенова

Көшірмесі дұрыс

Судья Қ. Исенова

Анықтама: Сот шешімі 2025 жылы 18 наурызда заңды күшіне енді

Судья Қ. Исенова

Документ подписан: Исенова К. Е., 07.02.2025

112-24-3-1/4790

Документ подписан: Исенова К. Е., 07.02.2025

112-24-3-1/4790